

Қазақстан Республикасында 1996-1998 жылдарға арналған Мемлекеттік меншікті жекешелендіру мен қайта құрылымдардың бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 ақпан N 246. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында және 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында 1996-1998 жылдарға арналған Мемлекеттік меншікті жекешелендіру мен қайта құрылымдардың бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесіп 1996 жылдың 1 наурызына дейінгі мерзімде Үкіметтің бекітуіне:

жекешелендіруге жатпайтын және ерекше мемлекеттік меншіктегі мемлекеттік мүлік объектілерінің тізбесін;

жеке жобалар бойынша жекешелендірілген ірі және бірегей объектілер тізбесін ұсынсын.

3. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің аумақтық органдарымен бірлесіп екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісім бойынша коммуналдық меншікті жекешелендіру жөніндегі бағдарламалар мен шаралар жоспарын әзірлеп, бекітсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1996 жылғы
27 ақпандағы
N 246 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншікті
жекешелендірудің және оның құрылымын өзгертудің
1996-1998 жылдарға арналған**

БАҒДАРЛАМАСЫ

Кіріспе

Осы Бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 13 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес әзірленген.

1991-1995 жылдарда Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің екі бағдарламасы жүзеге асырылды. Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1991 жылғы 22 маусымдағы бағдарламасы 1991-1992 жылдарды қамтып, негізінен сауда мен қызмет көрсету саласының объектілерін сатуға, сондай-ақ мемлекеттік меншікті кәсіпорындардың еңбек ұжымдарына беруге бағытталды. Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған 1993 жылғы 5 наурыздағы ұлттық бағдарламасы шағын жекешелендірумен қатар жаппай жекешелендіруді, жеке жобалар бойынша жекешелендіруді және агроөнеркәсіп кешенін жекешелендіруді қамтыды. Жоғарыда аталған бағдарламаларда белгіленген мақсаттарға негізінен қол жетті.

Шағын жекешелендіру шеңберінде 11 мыңға жуық объектілер сатылды, оның өзі шағын жекешелендіруге жататын барлық объектілердің 2/3 бөлігін құрайды және сонымен бір мезгілде шағын жекешелендіру объектілерінің көпшілігін құрайтын объектілер және халықтың қажеттерін қанағаттандыру үшін аса маңызды - сауда, қоғамдық тамақтандыру және қызмет көрсету саласы объектілері бойынша кәсіпорындардың 84 проценті жекешелендірілді.

Жаппай жекешелендіру бағдарламасы толық аяқталды: 22 аукционда ИЖК-терге сатуға 1600-ден астам кәсіпорынның акциялары қойылды. Осы аукциондарда кәсіпорындардың жарғылық қорын құрайтын нақты құны 1261,5 млн. теңгелік акциялар сатылды.

5 мыңнан астам адам жұмыс істейтін кәсіпорындарды қамтитын жеке жобалар бойынша жекешелендіру шеңберінде 5 кәсіпорын сатылды, 44 кәсіпорын сенімді басқаруға, оның ішінде 12 кәсіпорын шетелдік субъектілердің басқаруына берілді.

Агроөнеркәсіп кешенін жекешелендіру шеңберінде 1995 жылдың аяғына дейін 1967 кәсіпорын сатылды, оның өзі агроөнеркәсіп кешеніндегі барлық объектілердің 93 процентін құрайды.

1996 жылдың бас кезіндегі жағдай бойынша жекешелендірілетін

кәсіпорындардың жарғылық қорларының 60 проценті (шағын жекешелендіруді есептемей) жеке меншікке көшті. Жекешелендірілген капиталдың 1/3 бөлігі ИЖК-терге, 1/3 бөлігі ақшаға сатылды және 1/3 бөлігі жекешелендірілетін және жекешелендірілген кәсіпорындардың 43 процентінде, дауыс беру акцияларының 50 проценттен астамы, соның ішінде кәсіпорындардың 29 процентінде - акциялардың 80 проценті және одан көбі жеке меншікке көшті.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншікті жекешелендіру мен оның құрылымын өзгертудің 1996-1998 жылдарға арналған осы Бағдарламаның негізгі мақсаты-жекешелендіру процесін негізінен аяқтау жолымен, Қазақстан Республикасының экономикасында жеке меншік сектордың басым болуына қол жеткізу және орнықтыру болып табылады. Бұл мақсаттың жүзеге асырылуы мемлекеттік меншікте қалатын объектілердің құрылымын өзгертумен ұштастырылатын болады. Өзара байланысты осы процестер - жекешелендіру мен құрылымды өзгерту - жеке меншік және мемлекеттік секторда тиімді меншік иесінің қалыптасуына жәрдемдесетін болады.

Бағдарламаны жүзеге асыру кезінде жекешелендірудің тек қана нарықтық, бәсекелік нысандарын қолдану негізінде жекешелендіруді жүзеге асырудың әйгілілігі мен жариялылығы сақталатын болады.

Жекешелендірілетін объектілерімен байланысты құқықтар мен міндеттемелер бойынша жаңа меншік иелерінің құқық мұрагерлігін сақтауы меншік құқықтарының, нақты бір меншік нысандарына қарамастан, құрметтелуі заңмен қамтамасыз етілуі нығайтылады.

Жекешелендіру жобаларын әзірлеу барысында және оларды жүзеге асыру кезінде жекешелендірілетін кәсіпорын қызметкерлерінің әлеуметтік мүдделері Қазақстан Республикасының еңбек заңын меншік құрылымында болып жатқан өзгерістерге сәйкес келтіру жолымен, сондай-ақ жекешелендірілетін объектілер қызметкерлерінің мүдделерін қорғау жөніндегі талаптарды тендерлер шарттарына енгізу жолымен ұдайы ескерілетін болады. Сондай-ақ қоршаған ортаның қорғалуын қамтамасыз ету және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану қажеттігі ескерілуге тиіс.

Осы Бағдарламаның жүзеге асырылуы монополиясыздандыруға және экономикадағы тепе-теңдікті шағын және орта бизнесті, сондай-ақ қызмет көрсету саласын басым дамыту бағытында өзгертуге жәрдемдесетін болады.

Бағдарламада жекешелендіру процесін аяқтау, сондай-ақ құрылымды өзгерту мен мемлекеттік меншікті басқару жөніндегі, республиканың тиісті министрліктерімен және ведомстволарымен келісілген өзара байланысты шаралар кешені көзделген.

I. ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ПРОЦЕСІН АЯҚТАУ

Жекешелендірудің бұдан бұрынғы кезеңдерінің, республикада жүзеге асырылған экономикалық реформалардың нәтижелері жекешелендіру үдерісін тыңғылықты етіп, мына шаралардың жүзеге асырылуын қажетті етті:

шағын жекешелендіру шеңберінде ішінара жекешелендірілген кәсіпорындар, сондай-ақ ІІ кезеңде сатылмаған объектілер акцияларының мемлекеттік пакеттерін жекешелендіруді ақшаға сату жолымен аяқтау;

мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендірудің жеке жобаларын жүзеге асыру ;

бұрын жекешелендіруге жатпаған, сондай-ақ бұдан бұрынғы кезеңдерде жекешелендірілмеген кәсіпорындар мен ұйымдардың бір бөлігін жекешелендіру процесіне қосу ;

экономиканың жекелеген секторларын жекешелендіру жоспарларын әзірлеу; жекешелендірілген кәсіпорындарда стратегиялық инвесторлар тобының қалыптасуына жәрдемдесу ;

шетелдік капиталдың жекешелендіруге қатысуын кеңейту.

1996 жылдан бастап мемлекеттік меншікті жекешелендірудің кез келген түрі тек ақшалай қаражатпен жүзеге асырылатын болады. Жекешелендіруге жататын мемлекеттік мүлікті сатуға :

мүліктік кешен ретінде мемлекеттік кәсіпорын мен мекеменің; заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік кәсіпорын құрамынан бөлу балансы негізінде бөлінгеннен кейін тұйық технологиялық циклды бұзбай жекешелендірілетін мүліктік кешен ретінде өндірістік және өндірістік емес бөлімшелер мен құрылымдық бірліктердің;

мемлекеттік кәсіпорын таратылған жағдайда, таратылатын кәсіпорынға кредиторлардың талап қоюы үшін заңда белгіленген мерзім біткеннен кейін тек аукционда кәсіпорын мүлкінің;

шаруашылық серіктестіктерінің жарғылық қорларындағы мемлекет акциялары мен үлестерінің өткізілуі кіреді.

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңында жекешелендірудің екі түрі көзделген :

1. Сауда-саттықта (аукцион, тендер) сату. Мемлекеттік меншікті аукционда сату сауда-саттық барысында ең жоғары баға ұсынған, мүлікті сатып алуын белгіленген тәртіппен ресімдеп, оның құнын төлеген адамға меншік құқығының берілуін көздейді. Объектіні сату шарттары белгіленген жағдайда (бейінді, жұмыс орындарының санын сақтау және т.т.) объектілер тендерлерде тендер шарттарын орындау кезінде ең жоғары баға немесе ең жақсы шарттар ұсынған тұлғаларға сатылатын болады.

2. Белгілі бір адамға тікелей сату. Жекешелендіру объектілерін белгілі бір

адамға, егер мүліктің сатып алу құқығымен жалға берілуі яки акциялардың мемлекеттік пакетін кейін сатып алатындай етіп тендер негізінде сенімді басқаруға бере отырып акционерлендірілуі жекешелендіру алдындағы шараларда қамтылған болса, тікелей сатуға болады.

Объектілерді жеке жобалар бойынша жекешелендіру кезінде бәтуаласқан шарттармен белгілі бір инвесторға сатудың көзделуі мүмкін. Үқтимал инвесторды таңдау тендер негізінде жүзеге асырылады.

1. Мемлекеттік мүліктік кешендерді жеке жобалар бойынша жекешелендіру

Объектілерді жеке жобалар бойынша жекешелендіруге жатқызудың мөлшері олардың ерекше ірі ауқымы мен бірегей сипаты болып табылады. Ондай объектілердің тізбесін Үкімет 1996 жылғы 1 наурызға дейін бекітеді.

Жеке жобалар бойынша жекешелендіруге жататын кәсіпорындар мынадай категорияларға бөлінуге тиіс:

1. Жекешелендіру алдында құрылымын арнайы өзгертуді қажет етпейтін тұрақты рентабельді немесе перспективалық кәсіпорындар.

2. Қаржылай тұрлаулылығы мен монополиясыздандырылуы жекешелендіру алдында құрылымының өзгертілуімен қамтамасыз етілетін кәсіпорындар.

Объектілерді аталған категорияларға жатқызу үшін 1996 жылғы 30 маусымға дейін мемлекеттік басқару органдары (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақстан Республикасы Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Экономика және Қаржы министрліктерімен, тиісті салалық министрліктермен бірлесіп) жеке жобалар бойынша жекешелендірілетін кәсіпорындардың өндірістік-қаржы жағдайын бағалайды және тиісті ұсыныстар әзірлейтін болады. Объектілерді әзірленген ұсыныстар негізінде аталған категориялардың әрқайсысына жатқызу туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а б ы л д а й д ы .

Тұрақты рентабельді немесе перспективалы кәсіпорындар қолданылып жүрген заңмен белгіленген тәртіппен (егер олар жекешелендірудің алдыңғы кезеңінде жекешелендірілмесе) алдын-ала акционерлендірілуге тиіс.

Мемлекет билігіндегі акцияларды былайша бөле отырып сату ұсынылады: акциялардың кемінде 15 проценті нарықтық бағасын анықтау үшін қор биржасында жария сату жолымен сатылады;

акциялардың жалпы санының (акционерлердің жалпы жиналысында кемінде 1/2 + 1 дауысты қамтамасыз ететін) кемінде 50 проценті тұтас пакетпен белгілі

бір инвесторға сатылады. Инвесторды таңдау тендер негізінде белгіленеді. Ол инвестор стратегиялық (акциялардың бақылау пакетіне иеленетін), сондай-ақ белсенді, яғни жекешелендіретін кәсіпорынның құрылымын өзгертуге әзір инвестор болуға тиіс;

қалған акциялар ашық ақша сауда-саттығында, соның ішінде қор биржасы немесе маманданған делдалдар арқылы сатылады.

Осы объектілердің акцияларын сату кезінде мына шарттарды орындау қажет:

акцияларды сату құны меншік иесі белгілеген бағадан кем болмауға тиіс;
акциялар ашық сатылған жағдайда жекешелендіру процесіне субъектілердің барынша көп санының қамтылуы үшін жағдайлар жасалуға тиіс;
акциялар белгілі бір инвесторға сатылған жағдайда инвестор кәсіпорынды дамыту мүдделерін негізге ала отырып, белгіленуге тиіс, олар тендер шарттарына енгізіледі.

Қаржы тұрлаулылығы мен монополиясыздандырылуы, жекешелендіру алдында құрылымның өзгертілуімен қамтамасыз етілетін кәсіпорындар, мына тәртіппен қайта құрылуы мүмкін:

1. Объектінің алдын-ала диагностикасын мынадай деректер жинау негізінде әзірлеу;

мүліктер мен мүліктік құқықтардың жағдайы мен құрылымы (жер учаскесі, жылжымайтын мүлік және т.т.) туралы;

қызмет пен өндірілетін өнім (жұмыс пен қызмет көрсету) бейіні туралы;

жабдықтың технологиялық деңгейі мен техникалық жағдайы туралы;

кәсіпорынның қаржы-экономикалық жайы туралы (бухгалтерлік есеп деректері);

кәсіпорынның ұйымдық құрылымы мен оны басқару жүйесі туралы;

кәсіпорын өнімін негізгі беріп тұрушылар мен тұтынушылар туралы;

жұмыспен қамту құрылымы мен динамикасы туралы;

кәсіпорынның әлеуметтік инфрақұрылымының объектілері туралы.

2. Алдын-ала диагностика деректері негізінде:

кәсіпорынды (акциялардың, мемлекеттік пакетін) сенімді басқару тендер жарияланады, сенімді басқаруға арналған контракті шарттарына басқарушы фирманың объекті құрылымын өзгерту мен оны кейін жекешелендіру жобасын әзірлеуі кіреді;

сенімді басқаруға нақты үміткерлер болмаған немесе жалпы алғанда объектіні тұтас сенімді басқаруға беру тиімсіз болған жағдайда, конкурс шарттарымен маманданған консультанттарды тарта отырып, кәсіпорынның жағдайына толық талдау жасау туралы шешім шығарылады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер ретінде одан әрі жұмыс істеуінің

орынды болатыны анықталған кәсіпорындар мүлкі, жекешелендірілгеннен кейін
т а р а т ы л у ғ а т и і с .

Бұл шешімдерді мемлекеттік меншікті басқару мен иелену жөнінде шешімдер
қабылдауға өкілдік берілген мемлекеттік орган қабылдайды. Мемлекет дауыс
беретін акциялардың бірден-бір иесі болып табылмайтын акционерлік
қоғамдарда бұл шешімдер қолданылып жүрген заңмен белгіленген тәртіппен
қ а б ы л д а н у ғ а т и і с .

3. Объект диагностикасының деректері негізінде құрылымды өзгерту жобасы
әзірленіп, онда кәсіпорынның жағдайына жасалған терең талдау және мына
м ә с е л е л е р б о й ы н ш а :

кәсіпорынның мүліктік құқықтарының құжатпен қуатталуын қамтамасыз ету,
құрылымды өзгерту кезінде бөлінуге тиісті заңды тұлғалардың саны және
олардың арасында мүліктік құқықтарды бөлу жөніндегі ұсыныстар;

өндірістік қуаттарды пайдалану деңгейі, өндірістік құрылымын өзгерту (
жан-жақты дамыту) жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

кәсіпорында пайдаланылатын технологиялар мен жабдықтың бәсекелестік
кабілеті, инвестициялар тарту және (немесе) жабдықтың бір бөлігін алу;

рентабельділік, өтімділік деңгейі, кәсіпорын міндеттемелерінің құрылымы,
кәсіпорынның айналым активтері мен міндеттемелерінің ара қатынасы, қаржы
құрылымын өзгерту жөніндегі ұсынымдар; кәсіпорынды басқарудың ұйымдық
құрылымының нарықтық жағдайлардағы пәрменді қызметке және басқару
жүйесін бөлшектеу мен қайта ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдарға сәйкестігінің
д ә р е ж е с і ;

маркетингтік талдау және маркетингтің жаңа стратегиясын әзірлеу жөніндегі
ұ с ы н ы м ;

кәсіпорынның құрылымын өзгерту кезінде жұмыспен қамту құрылымын
өзгерту жөніндегі ұсынымдар;

әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін пайдалану жөніндегі ұсынымдар (
баланстан алу және өзге шаруашылық жүргізуші субъектілерге немесе
әкімшіліктерге беру, бөлшектеу кезінде бөлінетін заңды тұлғалар арасында бөлу)
;

өндірістік экологиялық сауықтыру жөніндегі ұсынымдар болады.

4. Енгізілген жобалар бойынша өкілетті орган объектінің құрылымын
жекешелендіру алдында өзгерту және оны жеке жоба бойынша жекешелендіру
түрі туралы шешім қабылдайды. Жекешелендіру алдында құрылымды өзгертуге
құрылымды өзгерту жобасының ішінара жүзеге асырылуын қамтуы мүмкін. Бұл
жағдайда құрылымды өзгерту жобасын толық жүзеге асыру, белгілі бір
инвесторға жекешелендіру шарттарын әзірлеу үшін негізге айналады.

Ерекше ірі объектілердің құрылымын өзгерту жөніндегі мемлекеттік шаралар

олардың болашақта бәсекелестік қабілеті бар жекелеген шаруашылық субъектілеріне технологиялық тұрғыдан негізделе бөлшектенуін, бөлінген объектілердің әрқайсысы бойынша жекешелендірудің жеке жоспарларын әзірлей отырып, олардың құрылымының өзгертілуін қамтиды.

Жекешелендірудің жеке жобаларын әзірлеудің жалпы процедураларына: аудиторлық және консалтингтік фирмаларды конкурс арқылы іріктеудің ө л ш е м д е р і н б е л г і л е у ;

қаржы консультанттары мен аудиторларын конкурс арқылы таңдау; жобаны жүзеге асыру әдістерін таңдау; жекелеген инвесторлардың өзіне қабылдауға әзір міндеттемелер бойынша ұсыныстарын, соның ішінде әлеуметтік міндеттемелер бойынша ұсыныстарды б а ғ а л а у ж а т а д ы .

Жекешелендірудің жеке жобаларын жүзеге асырудың негізгі әдістеріне:

мемлекеттік меншікті тендер арқылы сату;
бәтуаласқан шарттармен белгілі бір инвесторға сату;
акцияларды ашық сату;
кейін жекешелендіретіндей етіп басқаруға контрактілер жасасу;
құрылымды алдын-ала өзгерту жатады.

Объектіні жекешелендірудің жеке жобасында оны жүзеге асырудың бірнеше әдістерінің бір мезгілде қолданылуының көзделуі мүмкін. Акциялардың ашық сатылуын және акциялардың бөлшектелген пакеттерін сатудың басқа да нысандарын акциялардың бақылау пакетін белгілі бір белсенді инвесторға сатумен біріктірген жөн.

2. Жекешелендірудің секторлық бағдарламалары

Қазақстанның экономикасы үшін ерекше маңызды мұнай және газ өнеркәсібі, энергетика, көлік пен байланыс, қара және түсті металлургия сияқты секторлар жөнінде диагностикалық және талдау жұмыстары жүргізілетін болады, олар жалпы осы секторларда меншіктің оңтайлы құрылымын, сондай-ақ оған жетудің стратегиясын қалыптастыру үшін негіз болады. Диагностикалық және талдау жұмыстарының нәтижелері, өкілетті органдардың ұсыныстары негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендірудің және, қажет болған жағдайда, олардың құрылымын өзгертудің секторлық бағдарламаларын бекітетін болады.

Аталған секторлардың әрқайсысы бойынша Қазақстан Республикасының мүдделері министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, жекешелендіру объектілерінің өздерінің ұсыныстарын ескере, білікті консультанттарды тарта отырып, көбінесе жеке

жобалармен объектілер бойынша жекешелендірудің арнаулы бағдарламасы әзірленетін болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі объектілері секторлық бағдарламалар шеңберінде жекешелендіруге объектілер құрамының қажетті түрде өзгертілуін және елеулі қаржы ресурстарының қосылуын қамтамасыз етуге қабілетті белгілі бір белсенді, соның ішінде институционалдық инвесторларды, инвесторларды (халықаралық қаржы институттарын, даму банктерін, екі жақты және көпжақты кәсіпкерлік қорларды) тартпақ.

Жекешелендірудің секторлық бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыру кезінде бәсекелестік ортаны қалыптастыру мен монополияға қарсы заңды сақтау жөніндегі талаптар қатаң сақталуға тиіс. Мұны:

бір салалы объектілерді түрлі бәсекелесуші инвесторларға сату; қатаң тендерлік негізде үкіметтік ірі контракт-тапсырыстар жасасу және бір контракт-тапсырыс ұлттық және (немесе) шетелдік бірнеше фирмалар арасында бөлу жолымен орындауға болады.

Электр энергетикасының кешені

Электр энергетикасы кешенінің салалық бағдарламасында құрылымды экономикалық жағынан дербес объектілер қалыптастырылатындай және олар кейін жекешелендірілетіндей етіп қайта құру көзделетін болады.

1996 жылы электр энергетикасы кешенінің ұйымдық құрылымын өзгерту аяқталады, олар мыналар болады:

мемлекеттік реттеуші органдар атынан Мемлекеттік энергетикалық қадағалау мен Электр энергетикасында баға белгілеу жөніндегі мемлекеттік реттеуші комиссия;

жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік кәсіпорындар, оның ішінде электр берудің жүйе құраушы және жүйеаралық желілері, шағын станциялар, диспетчерлік басқарма, есептеу орталықтары және бірыңғай энергетикалық жүйенің тұтастығын қалыптастыратын және оның жұмысын қамтамасыз ететін басқа объектілер. Оларға Қазақстанның Бірлескен диспетчерлік басқармасының, аймақаралық және мемлекетаралық электр желілері объектілері құрамында "Қазақстанэнерго" ұлттық энергетика жүйесін жатқызуға болады;

жекешелендіруге жататын мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар, сондай-ақ не дербес кәсіпорын, не болмаса бөлу балансы негізінде бөлінетін құрылымдық бөлімшелер.

Электр энергетикасы кешенінде мемлекеттік меншікті жекешелендіру Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік

комитетімен бірлесе отырып әзірлеген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнаулы шешімімен бекітілген бағдарлама негізінде жүргізілетін болады. Электр энергетикасы кешенінің объектілерін жекешелендіру жеке жобалар бойынша жүзеге асырылады.

Әрбір облыста аймақтық энергия жүйелерінің құрамынан электр желілері негізінде мемлекеттік кәсіпорындар бөлініп, кейін олар жекешелендірілетін болады.

Жекелеген электр және жылу стансаларын, сондай-ақ жылу желілері кәсіпорындарын бөлу балансы негізінде бөлінгеннен кейін жекешелендіруге болады.

Технологиялық және экономикалық мақсатқа сәйкестігіне байланысты жылу желілерін өкілетті органның жылу электр стансалары құрамына беруге болады.

Энергетика объектілерінде жөндеу-реттеу жұмыстарын жүзеге асырушы өндірістік бірлестіктер (кәсіпорындар), сондай-ақ ғылыми-зерттеу және жобалау-ізвестіру институттары акционерлік қоғамдар етіп қайта құрылатын болады.

Аймақтық энергия жүйелерінің құрамынан құрылыс-монтаж және жөндеу-реттеу жұмыстарын жүзеге асырушы құрылымдық бөлімшелер, жекелеген электр стансалары, жылу желілері кәсіпорындары, облыстық электр желілері кәсіпорындары және аймақтық энергетика жүйелерінің қалған мүліктік кешендері бөлініп, акционерлік қоғамдарға айналдырылады да, кейіннен жекешелендіріледі.

Электр энергетикасы кешенінде мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлендіру мен жекешелендіру қызмет бейінін міндетті түрде сақтай отырып және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша дауыс беретін акциялардың кемінде 1/3 бөлігін акционерлік қоғамдарда ықтимал бекіте отырып, жүзеге асырылатын болады.

Жекелеген жағдайларда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша, технологиялық циклді бірдей объектілер құрамындағы біртұтас мүліктік кешен ретінде жалпы аймақтық энергия жүйесінің акционерлік қоғам болып қайта құрылуы мүмкін.

Акционерлік қоғам болып қайта құрылған кәсіпорындар бойынша акциялардың мемлекеттік пакеттерін сенімді басқару қолданылатын болады. Республикалық меншік объектілері бойынша басқарушы (занды немесе жеке тұлға) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірлесе отырып өткізетін тендерлер негізінде, ал коммуналдық меншік объектілері бойынша - өкілетті жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен, қаржы консультанттарын тарта отырып белгіленетін

б о л а д ы .

Аймақ және жалпы республика үшін әлеуметтік маңызы бар, энергия жүйелерінің балансындағы әлеуметтік-мәдени тұрмыс объектілері, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіпке сәйкес, жергілікті атқару органдарына немесе облыс әкімдерінің қарамағына беріледі. Энергия жүйесінің әлеуметтік инфрақұрылымын қалыптастыруға қажетті әлеуметтік-мәдени тұрмыс объектілері тиісті энергия жүйелерінің баланстарында қалады.

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңымен көмір өндіру кешенінде, барлау мен кен өндіруді тиісті лицензия алуға арналған тендерлерде жеңген инвесторлар жүзеге асыратын болады деген принцип сақталған жағдайда, жер қойнауы мен пайдалы қазбалар қорларына ерекше мемлекеттік меншік жарияланған. Жеке меншік капитал Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері бойынша сенімді басқаруға шарттар жасасу негізінде көмір өндіретін кәсіпорындардың қаржы жағдайының жақсартылуын қамтамасыз ету проблемаларын шешу үшін тартылатын болады.

Мұнай-газ және мұнай-химия кешені

Мұнай-газ және мұнай-химия кешенінің салалық бағдарламасында зерттеу-барлау және жобалау, мұнай мен газ өндіру жұмыстарын, сондай-ақ труба құбыры тасымалын, тұтынушыларға мұнай, газ және олардың ұқсатылған өнімдерінің сатылуын қамтамасыз ететін кәсіпорындар мен ұйымдардың құрылымын өзгерту және оларды жекешелендіру жолдары көзделетін болады.

1996-1998 жылдар ішінде ұлттық, холдингтік және өзге де мемлекеттік акционерлік компанияларды, сондай-ақ ірі акционерлік қоғамдарды бөлшектеу жолымен олар қайта ұйымдастырылатын болады. Әлеуметтік инфрақұрылым объектілері бөлініп, олар коммуналдық меншікке беріледі.

Мұнай-газ және мұнай-химия кешенінің объектілері Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес, соның ішінде халықаралық тендер жариялау жолымен және жобалар бойынша жекешелендірілетін болады. Барлауға және кен өндіруге байланысты жобаларды, мұндай қызметті жүзеге асыруға лицензия алу тендерлерінде жеңген инвесторлар жүзеге асыратын болады.

Жұмыс істеп тұрған труба құбырлары, сондай-ақ салынып жатқан труба құбырларының мемлекеттік мүлкі институционалдық, соның ішінде шетелдік инвесторларды тарта отырып, жаңа заңды тұлғалар қалыптастыру үшін негіз р е т і н д е п а й д а л а н ы л а д ы .

Мұнай өңдеу кәсіпорындары негізінде құрылған акционерлік қоғамдардың мемлекеттік пакеттері тендер негізінде жекешелендірілетін болады. Бұл жағдайда мемлекет дауыс беруші акциялардың кемінде 1/3 бөлігі мөлшеріндегі

пакетті белгілі бір уақыт сақтай алады. Акциялардың мемлекеттік пакеттерінің тендер негізінде сенімді басқаруға берілуі мүмкін.

Сенімді басқару және (немесе) акциялардың мемлекеттік пакеттерін сатып алу құқығына тендерлер өткізу шарттары мынадай:

кәсіпорынның қаржы жағдайының жақсартылуын қамтамасыз ету;
қажет болған жағдайда, объекті құрылымын оның қаржы тұрақтылығына қол жетуін қамтамасыз ететіндей етіп өзгертудің толық бағдарламасын әзірлеу;
жобаның толық жүзеге асырылуын ұзақ мерзімді қаржыландыру;
жұмысы жалпы саланың қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті рентабельділігі төмен немесе шығынды бөлімшелердің ұзақ мерзім бойы қаржыландырылуын қ а м т а м а с ы з е т у ;

әлеуметтік және экологиялық талаптарды орындау.

Кәсіпорындарды жекешелендірудің жеке жобаларын жүзеге асыру кезінде негізгі және қызмет көрсетуші өндірістердің ірі көлемде инвестициялануын жүзеге асыра алатын нақты, мүдделі белгілі бір инвесторды, соның ішінде институционалдық инвесторды таңдауға ұмтылу керек.

Жөндеу, пайдалану, геофизика, кадрлар даярлау жөніндегі ұсақ компаниялар ашық ақша сауда-саттықтарында сату арқылы белгіленген тәртіппен бөлек жеке шелендірілетін болады.

"Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамынан шығарылған объектілерді жекешелендіру 1996 жылдың бірінші жартысында а я қ т а л у ғ а т и і с .

1996 жылы "Алаугаз" мемлекеттік холдинг компаниясы қайта ұйымдастырылатын болады, газ тасымалын және оның көтерме бағамен сатылуын жүзеге асыратын акционерлік қоғам бөлінеді. Газды тікелей тұтынушыларға бөлшек бағамен сатумен айналысатын "Алаугаз" МХК бөлімшелері аймақтық принцип бойынша дербес заңды тұлғалар ретінде бөлінеді . Мүлкінің құнына және атқаратын жұмысының көлеміне қарай, олар, акционерлік қоғамдар немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер түріндегі шаруашылық серіктестіктері етіп өзгертілуге тиіс, мемлекеттік меншіктегі жарғылық қорларда олардың үлесінің 1/3 бөлігінің сақталуы мүмкін. Шаруашылық серіктестіктерінің жарғылық қорларының қалған бөлігі стратегиялық инвесторды міндетті түрде қалыптастыра отырып жекешелендіруге немесе кейіннен жекешелендіретіндей етіп, басқаруға берілуі мүмкін.

"Мұнай-газ" және "Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компанияларын жекешелендіру кезінде акциялардың мемлекеттік пакетінің сақталуы көзделетін болады, кейіннен ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнаулы шешімі бойынша "алтын акцияға" ауыстырылуы мүмкін.

Металлургия және кен-руда кешені

Құрылымды өзгерту мен жекешелендірудің салалық бағдарламасында ұлттық , холдингтік және өзге де мемлекеттік акционерлік компаниялардың жарғылық қорларынан металлургия кешені акционерлік қоғамдары акцияларының мемлекеттік пакеттерін шығару жолымен оларды қайта ұйымдастыру мен ықшамдауды аяқтау көзделетін болады.

Металлургия кешенінің кәсіпорындарын жекешелендірудің негізгі жолы жеке жобаларды әзірлеу мен жүзеге асыру болады. Негізгі өндіріс объектілері жекешелендіру алдындағы шаралар ретінде акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін тендер негізінде сенімді басқару қолданылатын болады.

Басқаруға сеніп тапсыру және (немесе) акциялардың мемлекеттік пакеттерін сатып алу құқығына тендерлер өткізу шарттары мыналар:

кәсіпорынның қаржылық сауықтырылуын қамтамасыз ету;
қажет болған жағдайда, объекті құрылымын оның қаржы тұрақтылығына қол жетуін қамтамасыз ететіндей етіп өзгертудің толық бағдарламасын әзірлеу;
жобаның толық жүзеге асырылуын ұзақ мерзім қаржыландыру;
өндірісті және оның шикізат (руда) базасын дамыту;
әлеуметтік және экологиялық талаптарды орындау.

Металлургия кәсіпорындарын жекешелендірудің жеке жобаларын жүзеге асыру кезіндегі ең маңыздысы - өндірістің ірі көлемде инвестициялануын және өнімнің дүниежүзілік рынокта өткізілуін жүзеге асыруға қабілетті нақты, мүдделі белгілі бір инвесторды, соның ішінде институционалдық инвесторды біліктілікпен таңдау (іздеу).

Біртұтас технологиялық циклмен байланысы жоқ қосалқы және қызмет көрсетуші бөлімшелер дербес заңды тұлғалар ретінде бөлініп, кейін жекешелендірілуге тиіс.

Жарғылық қорлардағы дауыс беруші акциялардың 1/2 бөлігінен астамы жекешелендірілген акционерлік қоғамдар бойынша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен, қалған мемпакеттерді сауда-саттықта сату аяқталып, белсенді стратегиялық инвестор мүмкіндігінше қалыптастырылатын болады.

Рудалы материалдар өндіру саласында жер қойнаулары мен пайдалы қазбалар қорларына Қазақстан Республикасының ерекше меншігін сақтау-негіз қалаушы болып табылады. Кен көзін игеруге мемлекеттік емес сектордың қатысуы кен көзін пайдалануға концессиялар беру немесе кенішті сенімді басқаруға шарт жасасу кезінде қатаң лицензиялық негізде жүзеге асырылатын болады.

Көлік-коммуникациялық кешен

Көлік-коммуникациялық кешен бағдарламасы негізгі өндіріс кәсіпорындарының, жер үсті, әуе көлігі мен байланыс инфрақұрылымының құрылымын өзгерту мен оларды жекешелендіру жолдарын белгілейді. Осы сектор объектілерін жекешелендіру бағдарламаларын әзірлеу кезіндегі негізгі амал инфрақұрылымның ірі объектілеріне республикалық меншікті сақтау, инфрақұрылымның ұсақ объектілерін коммуналдық меншікке беру немесе оларды мүмкіндігінше жекешелендіру болып табылады. Жекешелендіру объектілері өз функцияларының орындалуын бұзбай, түрлі бейіндегі жеке меншік тұлғаларды көптеп құра отырып, мүмкіндігінше ықшамдалуға тиіс.

Жер үсті көлігі

Көлік кәсіпорындарын бөлшектеудің ең тәуір нұсқасы негізгі өндіріс бөлімшелерін (жүк және жолаушылар тасымалы), қызмет көрсететін бөлімшелерді (жөндеу және материалдық-техникалық жабдықтау) бөліп алып, тәуелсіз жекешелендіру болып табылады. Көлік кешенінің негізгі және қосалқы өндірісін жекешелендіру халық көлік қызметін пайдаланған жағдайда, оларға қосымша қызмет көрсететін кәсіпорындарды (вокзалдар мен станциялар, темір жол вокзалдары мен станцияларынан басқалары; қоғамдық тамақтандыру орындары және т.т.) жекешелендірумен ұштастырылатын болады.

Жолаушыларға қалада, қала маңында және қалааралық қоғамдық көлік қызметін көрсететін республикалық (қалааралық автобус және темір жол) және коммуналдық кәсіпорындар, сондай-ақ қатынастың реттелуі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін кәсіпорындар түріндегі мемлекеттік меншік объектілерін бөліп алу, осы бағдарламаның элементі болып табылады. Мемлекеттің табиғи монополиясы саласына яки басқаруға мемлекеттің уақытша қатысуын қажет ететін секторларға жататын ірі объектілер жарғылық капиталына мемлекеттің жүз процент немесе басым қатысуын сақтай отырып, акционерлік қоғамдар болып қайта құрылады.

Көлік құралдарын жасап шығаратын, жөндейтін, жол салу мен жөндеу үшін материалдар өндіретін өнеркәсіп орындары негізгі қызмет бейінін сақтай отырып, тендер негізінде жекешелендірілуге тиіс.

Темір жолдардың аз салмақ түсетін учаскелері мен тар табанды линиялары жекешелендірілуге тиіс.

Әуе көлігі

"Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясы бөлшектеу

жолымен қайта ұйымдастырылатын болады. Өз қызметіне сәйкес әуе көлігінің жұмыс істеуін жалпы қамтамасыз ету функциясын орындайтын және жекешелендіруге жатпайтын қызметтерді (аэронавигациялық ақпарат қызметі, метеорологиялық қамтамасыз ету қызметі, дәрігерлік-ұшқыштық сараптау комиссиясы, азаматтық авиация академиясы, Ақтөбе қаласындағы оқу-жаттығу орталығы және т.б.) компания құрамынан бөліп шығару қажет.

Компания құрамынан жекелеген аймақтардың авиаотрядтарын біріктіретін акционерлік қоғам бөлінетін болады, кейіннен авиатасымалдар жүйесін дамыту бағдарламаларының тендер шарттарымен жекешелендіріледі, немесе оның негізінде бірлескен кәсіпорын құрылатын болады.

Авиатасымалдарға қызмет көрсететін жер үсті қызметтерімен қоса аэропорттар мен аэровокзалдар акционерлік қоғамға айналдырылады, оның акцияларының бақылау пакеті тендер шартымен сатылуы немесе бірлескен кәсіпорын құру үшін негіз болуы мүмкін, сонымен бірге дауыс беруші акциялардың кемінде 1/3 бөлігі мемлекеттік меншікте қалдырылатын болады.

Ұшақ жөндеу зауыттары акционерлік қоғамдар болып қайта құрылып, акцияларының бақылау пакеті ұлттық авиация өнеркәсібінің дамытылуын қамтамасыз етуге қабілетті белгілі бір инвесторларға сатылуға тиіс. Оларды жекешелендірудің ықтимал нұсқасы ұшақтар жасап шығаруға маманданған шетелдік заңды тұлғалардың қатысуымен бірлескен кәсіпорындар құру болып табылады.

Байланыс

"Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясын бұрын құрылған "Бесет", "Арна-Спринт", "Арна", "Декател" шаруашылық серіктестіктерінің мемлекеттік үлестерінің жарғылық қорынан шығару жолымен ол ықшамдалып, кейін сатылады, мемлекеттік кәсіпорындарды иелену, пайдалану және басқару құқықтары кері шақыртып алынады. КазҒЖӨбайланыс институты мен Біліктілікті арттырудың республикалық орталығы акционерлік қоғамдар етіп қайта құрылып, белгіленген тәртіппен жекешелендірілетін болады.

"Қазақтелеком" ҰАҚ-сын жекешелендіру кезең-кезеңмен жүзеге асыруға арналған :

бірінші кезеңде акциялардың мемлекеттік пакетін телекоммуникациялық желіге қызмет көрсетумен және оны жетілдірумен шұғылданатын ірі инвестор-оператордың басқаруына беру жөнінде халықаралық тендер өткізу, тендерге ірі халықаралық телекоммуникациялық компанияларды тарту ұйғарылған. Сондай-ақ стратегиялық меншік иесін анықтауды және Компания акцияларының бір бөлігін республика халқына ашық сатуды көздейтін

жекешелендірудің жеке жобасы әзірленетін болады;
екінші кезеңде Компания акциялары жекешелендірудің жеке жобасына сәйкес
с а т ы л а т ы н б о л а д ы .

Көлік-коммуникациялық кешенді жекешелендіру бағдарламасын 1996-1998
жылдардың ішінде орындау, соның ішінде:
автокөлік кәсіпорындары мен ұйымдарын жекешелендіруді 1996 жылы аяқтау
;

темір жол және авиация көлігі объектілерін жекешелендіруді 1996-1997
ж ы л д а р ы ;

телекоммуникация кешенін жекешелендіруді 1996-1998 жылдардың ішінде
жүзеге асыру ұсынылған.

Агроөнеркәсіп кешені

Агроөнеркәсіп кешен объектілерін жекешелендірудің салалық бағдарламасы
тиімді ауыл шаруашылық тауар өндірісін қалыптастыру мақсатымен
реформаларды тереңдету шараларын қамтитын болады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі
мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы
министрлігімен, Қазақ ауыл шаруашылығы ғылыми академиясымен, Қазақстан
Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитетімен, Орман шаруашылығы
комитетімен және Қазақстан Республикасының басқа да мүдделі орталық және
жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп мемлекет меншігінде қалатын
кәсіпорындардың тізбесін белгілеп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің
б е к і т у і н е б е р е д і .

1996 жылдың бірінші жартысында қалған кеңшарларды жекешелендіру,
сондай-ақ мемлекеттік акционерлік компанияларды қайта ұйымдастыру
а я қ т а л а д ы .

Бұрын жекешелендірілмеген ұқсату кәсіпорындарын жеке жобалар бойынша,
көбінесе тендерлік негізде, негізгі өндіріске қызмет көрсететін, мысалы,
орап-буатын, ыдыс жасайтын және т.б. кәсіпорын (бөлімше) міндетті түрде
құрылатындай етіп жекешелендіріледі.

Жарғылық қорда мемлекеттік үлесті сақтай отырып жекешелендірілуге тиісті
объектілер тобы, соның ішінде Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымы
академиясының құрамына кіретін шаруашылықтар, асыл тұқымды мал
шаруашылықтары, ғылыми-зерттеу және тәжірибе станциялары,
тәжірибе-эксперименттік шаруашылықтар белгіленетін болады.

1996 жылдың аяғына дейін, Қазақстан Республикасының Су ресурстары
жөніндегі комитетімен және басқа да мүдделі ведомстволармен бірлесіп су
пайдаланушылардың жеке меншік бірлестіктерінің сенімді басқару шарттары
бойынша берілуге тиісті объектілердің тізбесі жасалатын болады.

Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитетімен бірлесіп 1996-1998 жылдары ішінде жекешелендірілетін орман шаруашылығы объектілері белгіленетін болады.

Шаруашылық жүргізудің мемлекеттік емес нысандарын кеңейту мақсатында шаруашылық серіктестіктеріне, фермерлік шаруашылықтарға ауыл шаруашылығы кооперативтеріне, басқа да жеке және заңды тұлғаларға жерді ұзақ мерзімге пайдалану, сондай-ақ жерде ұзақ мерзімге және қысқа мерзімге жалға алу, жерді қайталап пайдалану мен қайталап жалға алу құқықтарын беру тәртібі белгіленетін болады.

Сондай-ақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына жерді пайдалану құқығын беру тәртібі белгіленетін болады.

Ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілердің мүліктік құқықтарын, жерді иелену құқығын қоса қамтамасыз етудің кредиттерді қамтамасыз ету ретінде мүлік пен жер кепілдігін ресімдеуді көздейтін тетіктер әзірленетін болады.

Селолық жеке тауар өндірушілерге жекешелендіруден кейін қолдау көрсету, қажетті техникамен қамтамасыз ету және ауыл шаруашылық машиналарының ескірген паркін жаңарту үшін машина-технология станцияларының желісі құрылып, техника мен көлік құралдары лизингі кеңінен қолданылатын болады.

Денсаулық сақтау, халыққа білім беру, ғылым және мәдениет

1996 жылдың ішінде денсаулық сақтау, білім және мәдениет объектілерін жекешелендіру бағдарламаларын әзірлеу аяқталып, оларды жүзеге асыру басталады.

Бағдарлама мемлекеттік меншіктегі барлық объектілерді екі топқа: жекешелендіруге жататын объектілер мен жекешелендіруге жатпайтын объектілерге бөлуді қамтиды. Тиісті министрліктердің келісімі бойынша кепілдік берілген мемлекеттік көлемде медициналық және жалпы білім беру қызметін көрсететін ұйымдар мен мекемелердің, сондай-ақ бірегей және әлеуметтік маңызы ерекше денсаулық сақтау, білім беру, ғылым және мәдениет объектілерінің тізбесі, соның ішінде аумақтық тұрғыдан, анықталатын болады. Бұл объектілерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің ерекше шешімдерімен ғана жекешелендіруге болады.

Жоғарыда аталған тізбелер негізінде 1996 жылдың бірінші жартысында ғылыми-зерттеу ұйымдары мен ғылыми-жобалау институттарының бір бөлігін жекешелендіру жөнінде шаралар әзірленіп, жүзеге асырылатын болады.

Тізбелерге енгізілмеген ұйымдар мен мекемелер жекешелендіріледі және денсаулық сақтау, білім беру, ғылым және мәдениет салаларында жеке меншік

секторды қалыптастырудың негізіне айналады. Бұл объектілерді жекешелендіру не акционерлік қоғамдар құрып, кейіннен акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату жолымен, не мүліктік кешендерді тиісті әзірлік дәрежесі бар немесе бұл салаларды қызметпен шұғылдану құқығын беретін лицензиялары бар жеке меншік заңды және жеке тұлғаларға тендер арқылы сату жолымен жүзеге асырылатын болады. Объектілер мен мүліктік кешендерге төлем қабілеті бар сұраныс болмаған жағдайларда мүлікті сенімді басқару немесе сатып алу құқығымен мүліктік жалға беру шарттары негізінде, соның ішінде объектілер бейіні сақталған жағдайда жеке заңды тұлғаларға беруге болады.

Халыққа қызмет көрсетудің аралас режимі, яғни тегін қызметтердің нақты бір көлемін (ол шалғай аудандар жағдайында кеңірек болуға тиіс) қамтамасыз ету, ақылы қызмет көрсетумен қатар объектіні тендер арқылы немесе нақты тұлғаға сатудың шарттарына айналады.

Ірі объектілер жеке жобалар бойынша, алдын-ала акционерлендіре отырып, сондай-ақ, жекешелендіруге дейін құрылым өзгертілген жағдайда, мемлекеттік пакетті кейін сатып алу құқығымен сенімді басқаруға бере отырып, жекешелендірілуге тиіс. Жекешелендіруге дейін құрылымын өзгертуді қажет етпейтін акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін сату кезінде акциялардың бақылау пакеттерін белгілі бір инвесторға бір пакет етіп сату ұсынылады.

3. Коммуналдық меншікті өзгерту

1996 жылдың бірінші жартысында Қазақстан Республикасында коммуналдық меншікті қалыптастыру процесі жүзеге асырылатын болады. Коммуналдық меншікке жергілікті қазына және коммуналдық заңды тұлғаларға бекітілген мүлік жатқызылады. Мүліктері республикалық меншіктен коммуналдық меншікке берілетін заңды тұлғалардың тізбесін Қазақстан Республикасының **Ү к і м е т і** **б е к і т е д і .**

Коммуналдық меншік объектілерін иелену, пайдалану және билік ету жөніндегі мемлекеттік органдар - жергілікті атқару органдары.

Коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіру жергілікті атқару органдары қолданылып жүрген заң нормаларына және осы Бағдарламаның ережелеріне сәйкес әзірлейтін арнаулы бағдарламалар бойынша жүзеге **а с ы р ы л а т ы н** **б о л а д ы .**

Коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіру бағдарламаларында мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылықты жүргізу құқығымен жұмыс істейтін кәсіпорындар мен қазыналық кәсіпорындарға бөлінген тізбесі, сондай-ақ акцияларының мемлекеттік пакеттері республикалық меншіктен коммуналдық

меншікке берілген акционерлік қоғамдардың тізбесі болуға тиіс. Осы кәсіпорындардың ішінен жекешелендіруге жатпайтын кәсіпорындар тобы белгіленеді. Жекешелендіруге жататын коммуналдық меншік объектілері:

өкілетті органның билігіндегі белгілі бір мерзімге мемлекеттік бақылау үлесін (немесе veto құқығын беретін үлесті) сақтай отырып, шаруашылық серіктестігі болып қайта құрылатын (немесе бұрын қайта құрылған) объектілерге : бұл топқа электр энергиясы мен жылу өндірумен және бөлумен шұғылданатын коммуналдық заңды тұлғаларды, труба құбыры көлігі кәсіпорындарын, газ шаруашылығын пайдалану жөніндегі кәсіпорындарды, қоғамдық көлік кәсіпорындарын ғана жатқызуға болады;

ешбір шектеусіз жекешелендіруге жатқызылатын объектілерге бөлінеді.

Объектілерді жекешелендіруге шектеулер қою кезінде жергілікті атқарушы органдар коммуналдық меншікте мемлекеттік үлестерді сақтаудың мақсаттарын, шарттарын және мерзімін белгілейді.

Шаруашылық серіктестіктерінде бекітілетін мемлекеттік үлес толық бақылау қажет болған жағдайларда дауыс беретін акциялардың кемінде 2/3 бөлігі; veto құқығын қамтамасыз ету қажет болған жағдайларда, дауыс беретін акциялардың 1/3 бөлігі болуы мүмкін.

Жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша, коммуналдық меншіктің жекешелендіруге жататын объектілерге жекешелендіру жөніндегі аумақтық комитеттердің өткізуіне беріледі. Коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіру акциялардың мемлекеттік пакеттерін, мүліктік кешендерді, мүліктің жекелеген түрлерін сауда-саттықта немесе коммуналдық меншікті сенімді басқару немесе сатып алу құқығымен жалға берілген жағдайда бағыштап сату жолымен жүзеге асырылады.

Акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде 1/3 бөлігін құрайтын акциялардың мемлекеттік пакеттерін сатудың басым түрі аукциондар немесе бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушылар арқылы ашық сату болып табылады. Акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының 1/3+1 және одан көп бөлігі болып табылатын акциялардың мемлекеттік пакеттері сауда-саттықта, соның ішінде бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушылар арқылы көбінесе тұтас пакетпен сатылады.

Жергілікті атқарушы орган объектіні жеке жоба бойынша жекешелендіру туралы шешім қабылдай алады, бұл жағдайда белгілі бір инвесторға сату сатудың бірден-бір түрі ретінде белгіленуі мүмкін. Ықтимал белгілі бір инвесторды таңдау тендер негізінде жүзеге асырылады. Жеке жобалар бойынша жекешелендіруге жататын коммуналдық меншік объектілері түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Нақты объектілерді

жекешелендіру жөніндегі шешімдерді жергілікті атқарушы органдар қабылдайды

4. Кәсіпорындарды жекешелендіруден кейін қолдау

Қазақстан Республикасында қабылданған жекешелендіру моделі жекешелендірілген объектілердің жұмысын жақсарту жөніндегі қажетті шарт ретінде жекешелендіруден кейінгі шаралар кешенінің жүзеге асырылуын қажет етеді.

О л ү ш і н :
жекешелендірілген кәсіпорындардың экономикалық қолдаудың алуан түрлеріне қол жеткізілуін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік шаралар жүйесін жасау ;

жекешелендірілген және басқа мемлекеттік емес кәсіпорындардың техникалық көмектің барлық түрлеріне қол жеткізілуін қамтамасыз ету;
жеке шаруашылық жүргізуші субъектілер, соның ішінде ауыл шаруашылық субъектілері арасында ассоциациялық нысандар дамуының процесіне жәрдемдесу ;

жекешелендірілген кәсіпорындардың басшылары мен бас мамандарын нарықтық экономика жағдайларында жұмыс істеуге үйрету қажет.

5. Бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру мен дамыту жөніндегі шаралар

1991-1995 жылдарда кәсіпорындарды акционерлендіру, жаппай жекешелендіруді жүзеге асыру, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың қалың тобының пайда болуы бағалы қағаздар нарығын дамыту мен ретке келтіру жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеуді қажет етті.

Бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру мен дамыту жөніндегі шаралардың негізгі мақсаты - оны акционерлік қоғамдарды инвестициялауға арналған қаржы ресурстарын тартудың тұрақты жұмыс істейтін тетігіне айналдыру.

Бағалы қағаздар нарығын дамуы ең маңызды бағыттар бойынша шаралар кешенімен қамтамасыз етіледі.

1. Бағалы қағаздар рыногына кәсіпқой қатысушылар жүйесін:
бағалы қағаздармен сауда жасау қызметін көрсететін және толық коммерциялық дербестік принципінде іс-қимыл жасайтын делдалдық фирмалар, дилерлер мен брокерлер ;
тәуелсіз тіркеушілер мен жеке депозитарийлер;
институционалдық инвесторлар, соның ішінде инвестициялық компаниялар,

қорлар, инвестициялық банктер, зейнетақы қорлары, сақтандыру және трастар
к о м п а н и я л а р ы ;

инвестициялық бизнес пен бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың
к ә с і п қ о й а с с о ц и а ц и я л а р ы ;

бағалы қағаздармен сақтандыру операцияларын қамтамасыз ететін фирмалар
атынан құру.

2. Қор биржасы жұмыс істеуінің тиімділігін арттыру:

акциялардың мемлекеттік пакеттерінің бір бөлігін және басқа бағалы
қағаздарды биржа арқылы өткізу;

мүдделі инвесторларға биржада сату үшін мемлекеттік бағалы қағаздар (облигациялар, вексельдер) шығару;

жаңадан шығарылған акциялар эмиссиясы, соның ішінде акционерлік қоғамдарға мемлекеттік қатысушының ұсынысы бойынша (акционерлердің жалпы жиналыстарының шешімі негізінде) оларды биржада сату негізінде жүзеге асырылатын болады.

3. Бағалы қағаздар нарығының жұмыс істеуіне халықтың қалың тобын
ж ұ м ы л д ы р у :

тартымды кәсіпорындар акцияларының мемлекеттік пакеттерін ашық сату;

бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушылар қызметінің құнын бәсекелестік және бағалы қағаздармен операциялар көлемін ұлғайту есебінен
к е м і т у ;

бағалы қағаздармен операцияларға және тұлғалар үшін шектеулердің алынуын заңмен қамтамасыз ету, соның ішінде, акционерлердің өздерінің иелігіндегі акцияларды еркін сатуына тыйым салатын ашық үлгідегі тармақтардың акционерлік қоғамдардың жарғыларынан алып тасталуын бақылау ;

акционерлердің, соның ішінде жекешелендіру купондарын салушылардың ИЖҚ акцияларын бағалы қағаздар нарығында еркін сатуын енгізу жолымен жүзеге асырылатын болады.

4. Бағалы қағаздар иелерінің мүдделерін қорғаудың мемлекеттік шаралары:

бағалы қағаздар иелерінің мүдделерін заңдармен және нормативтік
а к т і л е р м е н қ о р ғ а у ғ а ;

бағалы қағаздар иелерінің мүдделерін қорғайтын заңдар мен нормативтік актілердің орындалуын өкілетті мемлекеттік органдардың бақылауына бағытталатын болады.

5. ИЖҚ-ларды бағалы қағаздар нарығының мына функцияларды орындауға қабілетті толыққанды субъектілеріне айналдыру:

өз акцияларын ақшаға сату және жекешелендіру купондарын салушылар алдындағы міндеттемелерін орындау;

бағалы қағаздардың қайталама нарығында жекешелендірілген кәсіпорындардың өз портфеліндегі акцияларымен, сондай-ақ өздері эмитенттері болып табылатын акциялармен операциялар жасау;

өз акцияларының иелері болып табылатын акционерлік қоғамдар жөнінде белсенді инвестициялық саясат жүргізу.

6. Отандық коммерциялық ұйымдардың бағалы қағаздарын халықаралық қор нарығында өткізу жөнінде оларға жағдайлар жасау:

акциялардың толық листингіне акционерлік қоғамдарды барынша көп қосуды ;

қор биржасында акциялардың бағамын белгілеуді;
қор биржаларын бағалы қағаздардың халықаралық нарығына қосуды;
акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерінің бір бөлігін шетелдік инвесторларға сатуды, соның ішінде дүниежүзілік қор биржаларында сауда жасауды қамтиды.

II. Құрылымды өзгерту және мемлекеттің меншік иесі функциясын жүзеге асыруы

1. Мемлекеттік меншікті басқару

Бұдан бұрынғы кезеңдердегі жекешелендіру бағдарламаларын орындау мемлекеттің жекешелендірілуі аяқталмаған кәсіпорындар, сондай-ақ жекешелендірілуге жатпайтын объектілер жөніндегі меншік иесі ретіндегі функцияларын айқын белгілеу проблемасын қойды. Мемлекеттік меншік объектілері бойынша олардың басқарудың институционалдық жүйесінің нарықтық экономика талаптарына тепе-теңдігіне қол жеткізілуге тиіс.

1991-1995 жылдардың ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың көпшілігі акционерлік қоғамдар болып қайта құрылған болатын. Сол акционерлік қоғамдардың мемлекеттік пакеттерінің бір бөлігі жаппай жекешелендірудің аяқталуына қарай акциялардың мемлекеттік пакеттерін жекешелендірудің басым түріне айналып келе жатқан ақшалай сауда-саттықта сатылды. II кезеңде жаппай жекешелендіру шеңберінде жекешелендірілген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін сату 1996 жылдың бірінші жартысында аяқталатын болады.

Шаруашылық серіктестігінің жарғылық қорындағы мемлекет үлесінің мөлшеріне қарамастан, мемлекет заң жүзінде тиянақты етілген нысандарда серіктестікке қатысушы (акционер) болып, акционер ретіндегі өз құқықтарын

шаруашылық серіктестігін басқару органдарындағы өз өкілдері арқылы ғана жүзеге асырады.

Мемлекеттің меншік иесі функцияларын пәрменді жүзеге асыруы ең маңызды бағыттар бойынша шаралар кешенімен қамтамасыз етіледі.

1. Мемлекет үлесіне (мемпакет) дауыстың 1/3 бөлігі келетін толық шаруашылық серіктестіктерінің (акционерлік қоғамдардың) басқару органдарында мемлекеттік қатысушы функцияларының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларға мыналар жатады:

мемлекет үлесіне (мемпакет) дауыстың 1/3 бөлігінен астамы келетін шаруашылық серіктестіктерінде (акционерлік қоғамдарда) мемлекеттік қатысушы атынан іс-қимыл жасайтын бақылау кеңестерінің мүшелері мен мүшелігіне кандидаттар тізілімін жасау;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанынан шаруашылық серіктестіктерінде (акционерлік қоғамдарда) байқаушы кеңестерін құру мен оларға бақылау жасау комиссиясын құру ;

шаруашылық серіктестіктерінде (акционерлік қоғамдарда) байқаушы кеңестерін құру туралы ереже әзірлеу;

мемлекет атынан іс-қимыл жасайтын Байқаушы кеңес мүшесінің міндеттері туралы ереже әзірлеу ;

шаруашылық серіктестіктерінің (акционерлік қоғамдардың) жарғыларына өзгертулер енгізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

мемлекет үлесіне (мемпакет) дауыстың 1/2 бөлігі келетін шаруашылық серіктестіктерінің (акционерлік қоғамдардың) басқару органдарында мемлекет мүдделерін білдіретін адамдардың әзірленуін және қайта әзірленуін, соның ішінде бұл мақсаттар үшін халықаралық ұйымдардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып қамтамасыз ету .

Акционерлік қоғамдардың басқару органдарында мемлекеттік қатысушы болып табылатын адамдар меншік иесіне өкілеттік мемлекеттік орган атынан жүйелі түрде есеп беруге міндетті.

2. Мемлекеттік меншік пен жекешелендірудің жүйелі есебі мен мониторингін жасау мен енгізу жөніндегі шаралар мыналарды қамтуға тиіс:

жекешелендіру барысын жүйелі түрде көрсете отырып, мемлекеттік меншіктің толық тізілімін жасау;

жарғылық қордың бөлінуін жыл сайын көрсете отырып, жекешелендірілетін объектілердің тізілімін жасау;

статистика органдарының мәліметі мен мемлекет үлесіне (мемпакет) дауыстың 1/2 бөлігі келетін шаруашылық серіктестіктерінің (акционерлік қоғамдардың) басқару органдарындағы мемлекеттік қатысушы өкілдерінің

есептері негізінде жекешелендірілетін объектілердің қаржы жағдайына білікті талдау жасалуын қамтамасыз ету;

қызметі жеке секторға да қатысты болатын отандық мамандандырылған аудиторлық фирмалардың дамытылуына жәрдемдесу.

Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік кәсіпорындар мен мониторингтің меншік иесі және оларды мемлекеттік басқару функцияларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілді мемлекеттік органдары жүзеге асырады.

3. Жекешелендіруге жатпайтын немесе жекешелендірілуі қосымша шараларды қажет ететін объектілерді меншік иесінің шешімі бойынша, тиісті министрліктермен және ведомстволармен келісім бойынша, контракт негізінде мемлекеттік емес заңды және жеке, соның ішінде шетелдік тұлғалардың сенімді басқаруына беруге болады.

Мемпакеттің мөлшеріне және алға қойылған мақсаттарға сәйкес сенімді басқаруға контрактілердің мынадай түрлерінің қолданылуы мүмкін:

жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік кәсіпорынды сенімді басқару; мемпакетке дауыстың 1/2 бөлігінен астамы келетін акционерлік қоғамды сенімді басқару және оның құрылымын өзгерту;

мемпакетке дауыстың 1/2 бөлігінен астамы келетін акционерлік қоғам акцияларының мемпакетін сенімді басқару, оның құрылымын өзгерту және оның акцияларының сатылуын әзірлеу;

мемпакетке дауыстың 1/3 бөлігінен аз келетін акционерлік қоғам акцияларының мемпакетін сенімді басқару және мемпакет акцияларының сатылуын әзірлеу.

Мемлекеттік меншікті сенімді басқаруға контрактілер мына принциптерге сәйкес жасалуға тиіс:

контрактілер жасасуға кандидаттар шақырудың жариялылығы мен әйгілілігі;

кандидаттардың меншік иесінің талаптарына сәйкес жасалған бизнес-жоспарлар (басқару бағдарламаларын) ұсынуы;

басқарушыларды тендер арқылы таңдау;

басқарушының контракт шарттарын орындауын меншік иесі атынан контракт жасасқан өкілетті органның бақылауы.

4. Отандық мамандандырылған басқарушы фирмалар қалыптастыру жөнінде мынадай шаралар орындалуға тиіс:

кейбір холдинг және басқа мемлекеттік компанияларды (акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша) кәсіпқой басқарушы жеке фирмалар етіп қайта құру үшін жағдайлар жасау;

жеке басқарушы фирмалардың құрылуы мен жұмыс істеуі жөніндегі ұсынымдар мен нормативтік базаларды әзірлеу;

жеке басқарушы фирмалардың басшылары мен мамандарын даярлау мен қайта даярлау жүйесін қамтамасыз ету;
шетелдік басқарушылардың, соның ішінде ықтимал инвесторлардың қатысуымен басқарушы фирмалардың құрылуына жәрдемдесу.

2. Мемлекеттік меншік объектілерінің құрылымын өзгерту

1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде мемлекеттік сектордағы дәрменсіз кәсіпорындарды, соның ішінде мемпакетке дауыстың 1/2 бөлігінен астамы келетін шаруашылық серіктестіктерін қайта ұйымдастыру мен тарату жұмысын тиімді жүргізу үшін қажетті барлық құқықтық және ұйымдық жағдайлар жасалатын болады.

Осы мақсатпен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанынан Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік құрылады. Агенттіктің басты міндеттері:

кәсіпорындар қайта ұйымдастыру, санациялау және тарату бағдарламаларымен қамтылатын өлшемдерді белгілеу;

сол өлшемдердің негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, қайта құру, санациялау және тарату процедуралары қолданылатын кәсіпорындардың тізбелерін жасау;

кәсіпорындардың дәрменсіздігіне (банкроттығына) жол бермеуге бағытталған шаралар жүйесін әзірлеу мен енгізу;

дәрменсіз кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру, санациялау және тарату процедураларын жүзеге асыру жөніндегі шараларды (өз бетімен немесе мамандандырылған ұйымдарды қатыстырып) әзірлеу мен өткізу;

нақты кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру, санациялау және тарату бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыру үшін сырттан консультанттар (консалтинг фирмаларын) тарту;

банкроттық процедуралары қажет еткен жағдайда дәрменсіз-борышқор кәсіпорынның өкілетті өкілі функцияларын орындау;

Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктерімен, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарымен және мекемелермен бірлесіп бағдарламалар әзірлеу және кәсіпорындар дәрменсіздігі (банкроттығы), сондай-ақ сенім көрсетілген басқарушылар мәселелері бойынша мамандар даярлау жүйесін ұйымдастыру;

дәрменсіз кәсіпорын мүлкіне мамандандырылған ұйымдарды тарту мүмкіндігімен билік ету тәртібін белгілеу;

санацияланатын және қайта ұйымдастырылатын кәсіпорындар мониторингін

ө т к і з у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Кредиторлық берешегінің мөлшері аса жоғары деңгейін сипаттайтын, сонымен бірге ерекше маңызды халық шаруашылығы және (немесе) әлеуметтік маңызы бар ірі шаруашылық жүргізуші субъектілердің (негізінен мемлекеттік кәсіпорындардың) белгілі бір санының құрылымы Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің қатысуымен өзгертілетін болады. Бұл жоба шеңберінде осы Бағдарламада мына шараларды дәйекті түрде жүзеге асыру көзделген:

1. Банктер, бюджет және сабақтастар жөнінде кредиторлық берешек деңгейі негізінде кәсіпорындар іріктеу. Мұндай кәсіпорындар тізбесі бойынша шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

2. Осы кәсіпорындарға кредит беру жөнінде қатаң шектеулер енгізу. Кәсіпорындар Қазақстан Республикасының банк жүйесінен оқшауланады, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі осы кәсіпорындардың бірден-бір кредиторы функциясын өзіне алады.

3. Бағдарламаға енгізілген әрбір кәсіпорын меншік иесімен бірлесіп, өзінің өміршеңдігін негіздей отырып, құрылымды өзгерту жөнінде ұсыныс жасауға тиіс. Ол ұсыныстарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі қарағаннан кейін төмендегі екі шешімнің бірі қабылданады:

егер құрылымды өзгерту жөніндегі ұсыныстар негізді деп танылатын болса, құрылымды өзгертудің нақты жоспарын әзірлеу туралы шешім қабылданады, оны енгізу егжей-тегжей пысықталады;

егер кәсіпорын құрылымды өзгерту жөнінде ұсыныстар әзірлемейтін болса немесе ол ұсыныстар негізсіз (немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің талаптарына сәйкес келмейді) деп танылатын болса, кәсіпорынды тарату туралы шешім қабылданады.

4. Құрылымды өзгертудің бекітілген жоспарлары Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің қаржылық қолдауымен жүзеге асырылады. Қаржыландыру кезең-кезеңмен, құрылымды өзгерту жоспарының кезекті кезеңдерінің жүзеге асырылуымен байланыстырыла жүзеге асырылады. Егер құрылымды өзгерту жоспарының жүзеге асырылуы қанағаттанғысыз болса (кәсіпорынның қаржылық сауығуына қол жеткізбесе) кәсіпорын таратылуға тиіс.

Бағдарламаға енгізілген кәсіпорындардың қаржылық сауығуына қарай олар (жекешелендіруге жатпайтын кәсіпорындардан басқалары) жеке жобалар бойынша жекешелендірілетін болады.

Біртұтас мүліктік кешендер ретінде одан әрі жұмыс істеуінің тиімсіздігі анықталатын дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындар жөнінде өкілетті орган кәсіпорынның құрылымын мына әдістердің бірі бойынша:

кәсіпорынды бөлшектеу және бірнеше перспективалы рентабельді заңды

т ұ л ғ а л а р

қ ұ р у м е н ;

жұмыс істеп тұрған заңды тұлғаға заңда белгіленген тәртіппен қосылуымен;
артық мүлікті заңда белгіленген тәртіппен алумен және ол мүлікті
сауда-саттықта сату немесе кейін сатып алу құқығы бойынша жалға берумен;
кәсіпорынды таратып, оның мүлкіне қожалық ету (ол мүлікті сауда-саттықта
алдымен сатумен немесе мүлікті кейін сатып алу құқығы бойынша жалға
берумен, басқа мемлекеттік кәсіпорынның балансына берумен) өзгерту
ж ү р г і з е т і н б о л а д ы .

Тарату процедурасын жеделдету, жеңілдету және неғұрлым кеңінен қолдану
мақсатында шаруашылық практикасында кәсіпорынды тарату жөніндегі барлық
өкілеттіктерді кәсіпқой таратушыларға, осындай операцияларға машықтанған
және жеткілікті дәрежеде білікті заңды және жеке тұлғаларға беру үшін жағдай
ж а с а у д ы қ а м т а м а с ы з е т у қ а ж е т .

Кәсіпорынның құрылымын өзгерту кезінде төлем қабілетінің жоқ болуы
салдарынан өткізілмеген мүлікті мүлік сатуға маманданған коммерциялық
фирмаларға беру әдісін пайдалануға болады.

Қайта құрылатын кәсіпорын мүлкінің бір бөлігін мемлекеттік емес, соның
ішінде шетелдік инвестициялар тарату, кәсіпорынды бөлшектеу, санациялау
және тарату кезінде босайтын мүлікті тиімді пайдалану мақсаттарында
мемлекеттік меншік негізінде құрылтай қызметі үшін, сондай-ақ басқа
әдістермен өткізілмеген мүлікті жекешелендіру үшін пайдалануға болады.

Ауыл шаруашылық кәсіпорындарын банкрот деп танудың және таратудың
ерекшеліктерін регламенттейтін нормативтік база әзірленетін болады.